

"Инновациялық технологиялар паркі" арнайы экономикалық аймағының аумағында қызметін жүзеге асыратын және орналасқан жері бойынша салық органында тіркелген ұйымдар үшін "Инновациялық технологиялар паркі" арнайы экономикалық аймағын құру мақсаттарына сәйкес келетін қызмет түрлерінен меншікті өндіріс тауарларының (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) тізбесін бекіту туралы

Мерзімі біткен

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 29 сәуірдегі № 404 қаулысы. Қаулы 2018 жылғы 1 қаңтарға дейін қолданыста болды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 29 сәуірдегі № 404 қаулысымен.

Ескерту. Қаулы 01.01.2018 дейін қолданыста болды – ҚР Үкіметінің 29.04.2013 № 404 қаулысымен.

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !

Осы қаулының қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз.

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 150-бабының 2-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған "Инновациялық технологиялар паркі" арнайы экономикалық аймағының аумағында қызметін жүзеге асыратын және орналасқан жері бойынша салық органында тіркелген ұйымдар үшін "Инновациялық технологиялар паркі" арнайы экономикалық аймағын құру мақсаттарына сәйкес келетін қызмет түрлерінен меншікті өндіріс тауарларының (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) тізбесі бекітілсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және 2018 жылғы 1 қаңтарға дейін қолданылады.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2014.12.09 № 1283 (2015 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

С. Ахметов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2013 жылғы 29 сәуірдегі
№ 404 қаулысымен
бекітілген

"Инновациялық технологиялар паркі" арнайы экономикалық аймағының аумағында қызметін жүзеге асыратын және орналасқан

**жері бойынша салық органында тіркелген ұйымдар үшін
"Инновациялық технологиялар паркі" арнайы экономикалық аймағын
құру мақсаттарына сәйкес келетін қызмет түрлерінен меншікті
өндіріс тауарларының (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің)
тізбесі**

ЭҚЖЖ коды	ЭҚТӨЖ коды		Атауы
	түрі	кіші түрі	
1	2	3	4
26.20			Компьютерлер мен перифериялық жабдықтар
	26.20.1		Электрондық-есептеу техникасы, оның бөлшектері мен керек-жарақтары
		26.20.11	Салмағы 10 кг-нан аспайтын портативті цифрлық есептеуіш машиналар (лэптоптар, ноутбуктер, органайзерлер және т.б.); цифрлық және оған ұқсас машиналар
		26.20.12	Есептеуіш машиналарымен немесе желімен байланысты сауда терминалдары, сауда автоматтары және оған ұқсас машиналар
		26.20.13	Бір корпуста, кемінде, араласқан немесе жекелеген блоктарға орналастырылған орталық процессор және енгізу мен шығару құрылғысы бар цифрлы есептеуіш машиналар
		26.20.14	Жүйелер түрінде берілген деректерді автоматты өңдеуге арналған цифрлық машиналар
		26.20.15	Бір ғана корпуста мына типтердің бір немесе екі құрылғысы: есте сақтау құрылғысы, енгізу немесе шығару құрылғысы болатын немесе болмайтын деректерді автоматты өңдеуге арналған өзге де цифрлық машиналар
		26.20.16	Басқа топтамаға енгізілмеген енгізу-шығару құрылғылары
		26.20.17	Басым түрде деректерді автоматты өңдеу жүйелерінде пайдаланылатын мониторлар мен проекторлар
		26.20.18	Екі немесе одан көп: басып шығару, қарап шығу, көшіру, факспен жолдау функцияларын орындайтын құрылғылар
	26.20.2		Есте сақтау құрылғылары (жинақтағыштар) және сақтаушы/жазып алатын басқа құрылғылар
		26.20.21	Есте сақтау құрылғылары (жинақтағыштар)
		26.20.22	Сақтаушы/жазып алатын құрылғылар
	26.20.3		Ақпаратты автоматты өңдеуге арналған машиналардың басқа құрылғылары; басқа топтамаларға енгізілмеген ақпаратты өңдеуге арналған машиналар
58.29			Өзге де бағдарламалық қамтамасыз етуді шығару бойынша көрсетілетін қызметтер
	58.29.1		Дайын жүйелік бағдарламалық қамтамасыз етуді жеке орамада шығару бойынша көрсетілетін қызметтер
		58.29.11	Дайын операциялық жүйелерді жеке орамада шығару бойынша көрсетілетін қызметтер
		58.29.12	Дайын желілік бағдарламалық қамтамасыз етуді жеке орамада шығару бойынша көрсетілетін қызметтер

	58.29.13	Дереккорларды басқару бойынша бағдарламалық қамтамасыз етуді жеке орамада шығару бойынша көрсетілетін қызметтер
	58.29.14	Құрал-сайманды дайындау құралдары мен бағдарламалау тілдері арқылы дайын бағдарламалық қамтамасыз етуді жеке орамада шығару бойынша көрсетілетін қызметтер
58.29.2		Дайын қолданбалы бағдарламалық қамтамасыз етуді жеке орамада шығару бойынша көрсетілетін қызметтер
	58.29.21	Ішкі қолданыс үшін де жалпы мақсаттағы іскерлік қолданбалы дайын бағдарламаларды жеке орамада шығару бойынша көрсетілетін қызметтер
	58.29.29	Өзге қолданбалы дайын бағдарламалық қамтамасыз етуді жеке орамада басып шығару бойынша көрсетілетін қызметтер
58.29.4		Желіде меншікті бағдарламалық қамтамасыз етуді шығару (орналастыру) бойынша көрсетілетін қызметтер
	58.29.40	Желіде меншікті бағдарламалық қамтамасыз етуді шығару (орналастыру) бойынша көрсетілетін қызметтер
58.29.5		Компьютерлік бағдарламалық қамтамасыз етуді пайдалану құқығына беретін лицензияларды беру бойынша көрсетілетін қызметтер
62.01		Компьютерлік бағдарламалау саласындағы қызмет
	62.01.1	Жобалау және әзірлеу бойынша көрсетілетін қызметтер
	62.01.11	Қолданбалы бағдарламаларды жобалау және әзірлеу бойынша көрсетілетін қызметтер
	62.01.12	Желілер мен жүйелерді жобалау және әзірлеу бойынша көрсетілетін қызметтер
63.11		Деректерді орналастыру және қайта өңдеу бойынша көрсетілетін өзге де қызметтер
	63.11.1	Деректерді өңдеу бойынша көрсетілетін қызметтер, деректерді және өзге ақпараттық технологияларды орналастыру үшін инфрақұрылыммен қамтамасыз ету бойынша көрсетілетін қызметтер
	63.11.11	Деректерді өңдеу бойынша көрсетілетін қызметтер*
	63.11.13	Қолданбалы бағдарламалармен қамтамасыз ету бойынша көрсетілетін қызметтер
	63.11.19	Деректер мен өзге ақпараттық технологияларды орналастыру үшін инфрақұрылыммен қамтамасыз ету бойынша көрсетілетін қызметтер
	72.19.12	Информатика саласындағы зерттеулер мен эксперименталдық әзірлемелер бойынша көрсетілетін қызметтер

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

ЭҚЖЖ – экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуіші, Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің 2007 жылғы 14 желтоқсандағы № 683-од бұйрығымен бекітілген және қолданысқа енгізілген.

ЭҚТӨЖ – экономикалық қызмет түрлері бойынша өнімнің жіктеуіші, Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің 2008 жылғы 22 желтоқсандағы № 646-од бұйрығымен бекітілген және қолданысқа енгізілген.

* Ақпараттық технологиялар саласында.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК